

НА БАЗЕ АСТАНИНСКОГО ЛОКОМОТИВОРЕМОНТНОГО ДЕПО БУДУТ ИЗГОТАВЛИВАТЬСЯ СИСТЕМЫ МПЦ, ПРЕДНАЗНАЧЕННЫЕ ДЛЯ УПРАВЛЕНИЯ СТРЕЛКАМИ, СВЕТОФОРАМИ И ДРУГИМИ ОБЪЕКТАМИ, ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ ПОДВИЖНОГО СОСТАВА И МОНИТОРИНГА ЕГО ПОЛОЖЕНИЯ НА ИНФРАСТРУКТУРЕ.



Салмен АМРИН,  
директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации»



№23-24 (2840-2841)  
28/03/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## НОВЫЕ ВАГОНЫ РАДУЮТ ПАССАЖИРОВ

Новыми вагонами радуется пассажиров национальный перевозчик АО «Пассажирские перевозки». Так, со станции Алматы в составе пассажирского поезда № 77/78 Алматы-2 – Мангистау отправились вагоны, изготовленные на вагоностроительном заводе в Петропавловске АО «ЗИКСТО».

**Жаныбек КЕНЕС,**  
Астана

В рамках программы обновления вагонного парка АО «Пассажирские перевозки» приобрело 11 купейных вагонов на 400 посадочных мест. Вагоны будут курсировать по маршрутам Алматы – Мангистау и Алматы – Оскемен.

Эти маршруты – одни из самых протяженных в нашей стране, и благодаря новым вагонам поездка, которая длится долго, станет комфортнее.

Вагоны нравятся пассажирам – комфортабельные, отличаются техническими преимуществами, оборудованы системами кондиционирования воздуха, оснащены современными фильтрами для обеззараживания и очистки воздуха, экологически чистыми туалетными комплексами.

Мы с семьей выехали в отпуск и были приятно удивлены, когда зашли в такой красивый, светлый, уютный вагон. Поездка

сразу приобрела новые краски. Нам нравится все – и сам вагон, и сервис, – говорит пассажир Алмаз Нуркелды.

Основные принципы организации пространства в вагонах – удобство, визуальная эстетика и безопасность. При оформлении интерьеров использовались гипоаллергенные материалы. В купе установлены столики-трансформеры, солнцезащитные и светонепроницаемые шторы. Вагоны имеют современную систему видеонаблюдения: видеокамеры расположены в коридорах и тамбурах и работают в цветном режиме. Оснащены системой пожаротушения с датчиками дыма, собственным пожарным шлангом и запасом воды в каждом вагоне. Для комфорта пассажиров в каждом купе размещены электрические розетки и встроены USB-разъемы для подзарядки мобильных телефонов в пути следования. У каждого места есть индивидуальные светильники. В вагонах имеются холодильник, микроволновая печь,



диспенсер для питьевой воды и титан с горячей водой.

Как отметили специалисты, срок службы вагонов составляет 40 лет. Обновление вагонного парка продолжается. До конца года

планируется поставка еще 50 новых вагонов купейного и плацкартного типа отечественного производителя, которые будут курсировать по направлению Кызылорда – Семей.

Фото автора

## АЛТЫНКӨЛ СТАНЦИЯСЫНА БАҒЫТТАЙДЫ



Биылғы жылдың 1 сәуірінен бастап Қытайдан Орта Азияға өтетін және кері қарай бағыт алатын жүк ағынын Алтынкөл шекаралық өткелі арқылы қайта бағдарлау жүзеге аспақ. Бұл әрине уақытша шара.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Достық – Мойынты учаскесінің екінші жолын салу кезеңінде Қытайдан Орталық Азия елдеріне өтетін жүк транзиттік қозғалысын Алтынкөл – Қорғас пункті арқылы қайта бағдарлайды.

Бұл шешім биыл наурызда Орталық Азия және Қытай Халық Республикасы елдері өкілдерінің қатысуымен өткен ТЖБҰ, яғни Теміржолдар ынтымақтастығы ұйымы кеңесінде айтылды. Алтынкөл – Қорғас өткелі арқылы Қытайдан Орталық Азияға жүк тасымалдау Достық – Алашаңқай түйіспе торабына қарағанда 500 шақырым қысқа және 10-15 пайыз арзан.

Бүгінгі таңда Достық – Алашаңқай түйіспе нүктесі бойынша тасымалдау үлесі Орталық Азияда жалпы жүк көлемінің 20 пайызынан аспайды. Алтынкөл және Қорғас станциялары заманауи инфрақұрылымға ие және жүктерді қабылдау мен жөнелту бойынша терминалдық мүмкіндіктері де зор.

Айта кетейік, Қорғас – Алтынкөл теміржол тасымалы бойынша Қытаймен арадағы екінші шекаралық өткел. Біріншісі 90 жылдары ашылған Достық – Алашаңқай шекаралық өткелі. Достық – Мойынты учаскесінің екінші жолдарын салу – телімнің жүк өткізу қабілетін арттыруға бағытталған.

Ұлан ОРАЗ

## ИЗ ГАНЬСУ В КОСТАНАЙ



На днях из китайской провинции Ганьсу отправлен грузовой поезд в Казахстан. Отмечено, что данный состав стал первым международным грузовым поездом, отправленным из города Динси в Центральную Азию.

По данным китайского информационного агентства Синьхуа, поезд, груженный комплектующими для автомобилей, тканиями и другими товарами, отправился 25 марта текущего года со станции города Динси провинции Ганьсу (северо-западный Китай) в город Костанай и служит укреплению торгово-экономического сотрудничества Казахстана и Китая.

Ожидается, что поезд с грузами общей стоимостью около трех миллионов долларов США прибудет в Костанай примерно через девять дней. Также аналитиками отмечено, что товарооборот между странами ЕАЭС и Китаем демонстрирует стабильный рост. По итогам 2021 года рост составил 32%, в 2022 году – предварительно 20,12%. Кроме того, отмечается положительная динамика роста экспорта из КНР через Казахстан.

Запуск данного поезда – еще одно яркое доказательство того, что значительный транзитный потенциал Казахстана привлекает все больше грузов, и действующий Договор о добрососедстве, дружбе и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой от 2 июня 2003 года с каждым годом укрепляется.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

## Анонс

## МАШИНА ЖАСАУШЫЛАР ФОРУМЫ ӨТЕДІ

Биыл 11-12 мамыр күндері Астана қаласында дәстүрлі Қазақстан машина жасаушыларының XI форумы өтеді. Іс-шараны ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Қазақстан машина жасаушылар одағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен ұйымдастырады.

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

Форумға қатысуға Үкімет мүшелері, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың, машина жасау өнімдерінің ірі тұтынушыларының, даму институттарының басшылары, сондай-ақ Қазақстанмен ынтымақтастыққа мүдделі шетелдік әлеуетті әріптестер шақырылды. Форумның бірінші күні пленарлық отырыспен панельдік сессия өткізу жоспарлануда. Қатысушылар Мемлекет басшысы мен Үкімет тарапынан қолдау тапқан құжат – Қазақстан Республикасының машина жасау саласын дамытудың 5 жылға арналған Кешенді жоспары шеңберінде машина жасау саласын одан әрі дамыту мәселелерін талқылайтын болады.

Шараның екінші күнінде машина жасау саласының басым бағыттары бойынша секциялық отырыстар өтеді. Теміржол, мұнай-газ, тау-кен металлургиясы, ауыл шаруашылығы және электротехникалық машина жасау, автомобиль жасау, сондай-ақ машина жасауда құю өндірісін дамыту мәселелерін қарау жоспарлануда. Сонымен қатар, спикерлер Қазақстанның инвестициялық әлеуеті, шетел мемлекеттерімен бірлескен жобаларды іске асыру, машина жасау саласы үшін кадрлар даярлау және өнеркәсіптегі цифрландыру мәселелерін талқылайды.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Машина жасаушылар форумы өзін пікірталас алаңы ретінде таныта білді. Аталмыш шарада сала кәсіпорындары-

ның алдында тұрған өзекті мәселелердің шешімін табу жолдары қарастырылады. Экономиканы әртарапандыру, жаңа экономикалық саясаттағы импорты алмастыру тетіктері талқыланады. Ашық және жүйелі диалог аясында машина жасау саласын, жалпы өңдеу өнеркәсібін дамыту стратегиясы әзірленеді. Форум қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар дайындалады. Олар машина жасау саласын одан әрі дамыту бойынша стратегиялық маңызды міндеттерге қол жеткізуге қызмет етеді. Сонымен қатар, форум аясында 10-12 мамыр күндері «EXPO» көрме орталығында машина жасау және металл өңдеу бойынша «Kazakhstan Machinery Fair 2023» халықаралық мамандандырылған көрмесі өтеді.

## УКРЕПЛЯЯ СОТРУДНИЧЕСТВО



Между АО «KTZ Express» и АО «Славтранс-Сервис» заключено соглашение о стратегическом сотрудничестве по развитию контейнерных перевозок и привлечению дополнительных объемов грузов.

**Алуа ТЛЕУБАЙ,**  
Астана

Соглашение будет способствовать развитию мультимодальных ускоренных перевозок сельскохозяйственных грузов на рынке стран Евразийского экономического союза, Китая, стран Каспийского бассейна и стран СНГ, а также укреплению коридора Север – Юг.

Кроме того, планируется организация контейнерных поездов по маршрутам Казахстан – Россия (Московский



узел), Кыргызстан – Россия (Московский узел).

Специалисты отмечают, что стремительное развитие технологий, интеграционные про-

цессы в мировой экономике ставят новые задачи, связанные с сохранением и укреплением общего транспортного пространства, усовершенство-

ванием и внедрением новых технологий и прогрессивных форм организации работы железнодорожного комплекса, выработкой комплексных подходов к модернизации железнодорожной инфраструктуры, необходимостью формирования условий для довременного устойчивого роста. Поэтому заключенное соглашение еще один шаг по продвижению инновационного развития, повышения конкурентоспособности железнодорожного транспорта.



**Асан ҮМБЕТОВ,**  
«КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Локомотив шаруашылығы департаментінің директоры-атқарушы директоры:

МАШИНИСТЕР ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫН ҮНЕМДЕУГЕ МҮДДЕЛІ, ӨЙТКЕНІ ҮНЕМ ҮШІН МАШИНИСТКЕ ДЕ, ОНЫҢ КӨМЕКШІСІНЕ ДЕ СЫЯҚЫ БЕРІЛЕДІ. ЕКІНШІДЕН, МАШИНИСТІ КЛАСТЫҚ ДӘРЕЖЕСІ КӨТЕРІЛГЕН САЙЫН ҮСТЕМЕ АҚЫ ҚОСЫЛАДЫ. ОСЫЛАЙША, ЛОКОМОТИВ БРИГАДАЛАРЫН ҮНТАЛАНДЫРУДЫҢ ТҮРЛІ ЖОЛДАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ЕЛІМІЗДЕГІ  
ЛОКОМОТИВ ПАРКІ

**109**

ТҮРЛІ СЕРИЯДАҒЫ  
ЛОКОМОТИВ ПЕН  
ТОЛЫҒАДЫ.

ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША БЫЛТЫР

**7339**

РЕТ ШҰҒЫЛ ТЕЖЕГІШТІ  
ПАЙДАЛАНУ ФАКТІСІ ТІРКЕЛГЕН.

БҮГІНДЕ «КТЖ» ҰК» АҚ  
БОЙЫНША ТЕМІРБЕТОНДЫ  
НЕГІЗДЕГІ ЖОЛДЫҢ  
ҰЗЫНДЫҒЫ

**16 750 км**

ҚҰРАЙДЫ.

## МОБИЛЬДІ ҮЙЛЕР КӨБЕЙДІ

Ұлан ОРАЗ,  
Астана



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

«ҚТЖ» ҰК АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы желілік кәсіпорындардағы өндірістік жұмыскерлер үшін әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды жаңарту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізбек.

Осы жылдың соңына дейін ұлттық компанияда 102 модульдік ғимарат сатып алып орнату жоспарланып отыр. Өндірісте қызмет ететін теміржолшылардың тұруына арналған модульдер ең қажетті жабдықтармен, яғни желдеткіш, су жылытқыш, электр пештері, асхана және демалуға арналған жиһаздар, ыдыс-аяқтар мен төсек жабдықтары және тағы басқа керек дүниелермен жабдықталған. Былтыр ұлттық компания көлемінде барлығы 74 мобильді қосын орнатылған болатын. Бұл модульдердің әсіресе табиғаты қатал өңірлердегі теміржол бойында жұмыс істейтіндер үшін қажеттілігі аса зор. Мәселен, Маңғыстау өңіріне өткен айда жаңа үлгідегі осындай 15 үй жеткізілген болатын.

## «ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК» ЖЫЛЫ АЯСЫНДА

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,  
Астана



СЕМИНАР

Қазақстан Кәсіподақтары федерациясы биылғы жылды «Қауіпсіз еңбек» жылы деп жариялап отыр. «Қазкөліккәсіп» ҚБ Защита станциясында осы тақырыпқа орай ауқымды семинар өткізуді жоспарлап отыр.

Екінші тоқсанның басында өткізілетін жиынға тек теміржол бойынша ғана емес, шығыс өңіріндегі өзге салалардың да кәсіподақтарынан өкілдер қатысады. Семинар тақырыбы, айтып өткеніміздей, еңбек қорғау және қауіпсіздік. Кәсіподақтың еңбек қорғау жөніндегі бас техникалық инспекторы Қайрат Мұқановтың айтуынша, Защита торабы өте ауқымды, оған ірі теміржол мекемелерімен қатар «Досжан темір жолы» АҚ, «Спец-Сервис-Курылыс» ЖШС кіреді, кәсіподақтың 2300-ден астам мүшесі бар.

– Семинарға өңірдегі осы барлық мекемелердің кәсіподақ өкілдері мен қауіпсіздік бойынша жетекші инженерлері қатысады. Мен өндірістегі еңбек қауіпсіздігі тақырыбында баяндама жасап, теміржолдағы жазатайым қайғылы оқиғаларға байланысты зерттеу жұмысына кәсіподақтың қатысуы бойынша сөз сөйлеймін. Былтыр өндірісте болған 21 қайғылы оқиғаны зерттеуге кәсіподақтар қатысты. Зерттеу барысында кәсіподақтар қандай қателіктерге жол бермеуі керек. Соның барысында жәбірленуші тарапқа қандай өтемақы төленетіні белгілі болады. Сонымен қатар жұмыс орындарын аттестациялау процесі кезінде кәсіподақ өкілдерінің қызметі қандай болуы керектігін де айтамыз. Себебі аттестациялау кезінде жіберілген қателіктер алдағы уақытта теміржолшының дұрыс еңбекақы алмауына әкелуі мүмкін, – дейді Қ.Мұқанов.

Екі күндік семинар мақсаты – өндірісте жарақат алу қатерінің алдын алу. Айта кетейік, «Қазкөліккәсіп» ҚБ Защита торабының ауқымы кең, өкілдік құрамына 7 бастауыш кәсіподақ ұйымы кіреді. Локоть – Шемонаиха – Өскемен-1 – Алтай – Риддер темірлеріне қызмет көрсететін Защита торабы Ресейдің Батыс-Сібір теміржолымен шектеседі.

## ТӘЖІРИБЕ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,  
Астана



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Ақмола жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты локомотив депосының жөндеу цехында өрт ошағы виртуалды түрде анықталып, «Дабыл» сигналы берілді.

Деру локомотив депосының кезекшілері телефон және радио арқылы өрт сөндіру бөлімшелерін шақырды. Бұл Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Көкшетау қаласының локомотив айналым депосының базасында өртке қарсы жауынгерлік әзірлік, барлық құрылымдық бөлімшелердің, Көкшетау станциясы торабы кәсіпорындарының өзара іс-қимылы бойынша өткізген тәжірибелік жаттығулары еді. Жаттығу мақсаты барлық өртке қарсы қалқандардың жұмысын, Көкшетау айналым депосының дабыл беру құрылғыларын және төтенше жағдайлар кезінде қызметкерлердің іс-қимылын тексеру болатын. Жаттығуға Көкшетау станциясының өрт сөндіру пойызы жұмылдырылды. Көкшетау локомотив айналым депосының қызметкерлері бекітілген схема бойынша белгіленген тәртіппен жедел эвакуацияланды. Тілсіз жауды өрт сөндіру бөлімшелері тез арада құрықтады. Оқу іс-шараларының нәтижелері бойынша нысанның өртке төзімділік деңгейі және өртті сөндіруге қатысқан қызметкердің жалпы өзара әрекеттестігі оң бағаланды.

Суретті түсірген автор

## КӨКТЕМГІ БАЙҚАУ БАСТАЛДЫ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде көктемгі комиссиялық байқау биыл жылдағыдан ертерек басталмақ. Ол наурыз айының 26-нан 12 сәуірге дейін жалғасады.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау

Тексеріс барысында қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың, ғимараттардың жай-күйі, байланыс, электр құралдарының жағдайы, вагондардың жайы, темір жолдың қазіргі күйі, сондай-ақ теміржолшылардың білім мен біліктілігі, жеке мәселелері, проблемалары да қаралады. «Комиссия құрамында барлық

сала мамандары болады. Тексеріс арнайы локомотив арқылы жүзеге асырылады. Ең әуелі Ганюшкино – Д.Нұрпейісова телімі бойынша басталып, Ганюшкино – Исатай, Исатай – Қызылжар телімдері, содан кейін Махамбет, Атырау, Тендік, Ақжайық, 496-402 развезд аралығы, Құлсары-Бейнеу, Мақат-Құлсары, Сағыз-Мақат телімдері, телімдердегі жол, сигнализация, электрмен қамту дистанциялары, вагон, локомотив деполары, т.б. қаралады. Сол жерлерде талқылау жұмыстары да жүргізіледі»

дейді Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің өндірістік-техникалық бөлім бастығы А.Айжарықов.

Өткен жыл қорытындысымен аймақта пойыз және маневрлік жұмыстарда өндірістік жарақат алу болмаған. Бөлімшеде пайдаланым көрсеткіштерін орындау бойынша да нәтижелер жақсы деңгейде келе жатыр. Бұған дейін құрылымдық бөлімшелердің өз ішінде көктемгі тексеруге дайындық деңгейі, пойыздық және маневрлік жұмыстарда қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, ғимараттардың абаттандырылуы, жұмысшылардың тәртібі қаралған. Көктемгі байқау нәтижелері сәуір айының соңында болатын жалпы қорытынды жиналыста жария болмақ.

## ЖОЛАУШЫ ҚЫЗМЕТІНЕ КӘСІБИЛІК ҚАЖЕТ

Тәулігіне 24 жолаушылар пойызы өтетін Тараз вокзалынан күндіз-түні адам арылған емес. Бірі дйттеген жеріне жете алмай, енді бірі кері қайта алмай әбігерге түсіп, эмоцияға беріліп, шыдамсыздық танытып жататын жолаушы халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуден танбайтын вокзал қызметкерлерінің кәсібилігі еріксіз сүйсінткендей.



Ерман ӘБДИЕВ,  
Тараз

Өткені айғай-шуы көп, алуан түрлі адамдардың басы қосылған жерде түрлі жағдай орын алып жатады. Өне, қолжүгін жоғалтқан әйел бүкіл вокзалды басына көтеріп, айғай сүрең салып жатыр. Лезде жүгіріп келген вокзал бастығының көмекшісі бір топ қызметкермен іске кірісті, дереу желілік полиция қызметкері келіп жетіп, іздеу, тексеру, бейнекамераны қарау жұмыстары басталып, сәлден соң қытайдың торкөз сөмкесі табылып, иесіне қайтарылды.

Мен келгенде вокзал бастығы Дидар Мүсіреталиев әріптестерімен дидарласып, жұмыс жайын талқылап отыр екен. «Қазір қала бойынша көктемгі тазалық, абаттандыру екі айлығы жүріп жатыр. Соған орай перрондағы сауда нүктелерінің қожайындарымен бірлесіп сенбіліктер ұйымдастыру жайын талқылап жатырмыз. Перронда 17

сауда нүктесі және бір дәмхана бар. Өзіңіз кұә болғандай, қыс айларында біздің қызметкерлер тәулік бойы кезекшілікте болады. Өйткені, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық тас жолының жабылуына біздің де етіміз үйреніп кеткен», – деді Дидар.

Байқағаным, вокзалдың әр аумағында бейнебақылау қойылған. Вокзал бастысы мұнда бүгінгі күні 80 камераның қойылғанын алға тартты. Ондағы жазбалар 30 күнге дейін сақталады екен. Вокзалдың іші-сырты, перрон айнадай тап-таза.

– Тазалық жұмыстарын өз күшімізбен жүргіземіз. Қазір төрт жерге 20 контейнер қойылған. Ондағы құл-қоқыстарды тәулігіне бір рет бізбен келісім-шартқа отырған жеке компания алып кетеді. Ғимарат ағымдағы жөндеуден өтті. Дегенмен, оны әлі қабылдау ала алмай отырмыз. Бұл жерде кінәрат мердігер компаниядан болып тұр, – деді вокзал бастығы.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік, жұмыс орнын ұйымдастыру бойынша айына екі рет техникалық сабақ өтіп тұрады екен. Терроризмнің алдын алу бойынша да жолаушыларға жадынамалар таратылып, мамандар дәріс өткізуде. Техникалық қызметкерлердің жұмыс орны тиісті деңгейде ұйымдастырылған. Мүгедектерге арналған пандус, еңбек қорғау, касса бар. Ал қонақ үй, билет сататын кассалар, асхана – бәрі жалға беріліп отыр. Өткен жылы вокзалдың қалаға шығар алаңшасына ескерткіш ретінде тепловоз қойылған болатын. Алайда, пойыз 20 минут тұрақтағанда жолаушылар онда барып, суретке түсіп немесе тамашалап үлгермейді екен. Соны ескерген вокзал бастығы алдағы перронға «I LOVE TARAZ» деген белгі қоймақшы. Ол түнде де түрлі жарықтармен безендіріліп, жолаушылардың Таразға келгенде естелікке суретке түсер орнына айналмақ.

Суретті түсірген автор

## ТҮБЕК ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ ТАРТЫМ КҮШІ



ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Түбек теміржолының жүк және жолаушы тасымалын қамтамасыз етіп келе жатқанына жарты ғасырдан асқан Маңғыстау локомотив депосының бүгінде жүгі ауырлаған. Өйткені соңғы он жылдықта тарам-тарам жол тартылып, екі бірдей теңіз айлағы іске қосылып, нағыз тоғыз жолдың торабына айналған өлкеде пойыздар қозғалысы артып келеді.

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау

Елімізден бөлек теңіз асып шет елдерге өтіп жатқан толассыз жүк тасымалына қызмет көрсетіп отырған Маңғыстау локомотив депосы өз алдына отау тігіп, дербес мекеме атанғанына биыл 55 жыл.

Жалпы Маңғыстау темір жолының түп тарихы түбектің мұнайын игерумен байланысты екені белгілі. Жер қойнауынан қара алтын қоры табылғаннан кейінгі жылдары мұнай өндірісіне теміржол тартылып, Маңғыстау локомотив депосының іргетасы қаланған. Алғашында Мақат депосына қарасты айналым депосы ретінде құрылып, кейін өз алдына дербес депоға айналды. Депо ұжымын мерейтойымен құттықтап, оның бастығы Марат Құдабаевты сөзге тартқан едік.

– 1964 жылы Маңғыстауға теміржол тартылып, Мақат-Маңғышлақ станциялары аралығында 704 шақырым теміржол пайдалануға берілген. Осыдан кейін локомотив депосының қызметіне қажеттілік арта бастады. 1965 жылы 10 шілдеде 179 шақырымдық Маңғышлақ-Өзен аралығында теміржол пайдалануға тапсырылды. Бір жылдан соң Маңғышлақ станциясынан жедел түрде локомотив депосының ТҚК-2 цехы салынып, 1967 жылы Мақат локомотив депосына қарасты ТД-14 Маңғыш-



лақ айналым депосы ашылады. Келер жылдың бірінші аяғында Қазақ теміржолы басқармасының шешімімен Маңғышлақ локомотив депосы ТЧ-20 болып өз алдына қайта құрылады. Сосын Шетпе станциясында, Өзен станциясында локомотив бригадаларының айналымдық демалыс үйлері ашылды. 1977 жылы Қазақ теміржолы үшке бөлінгенде Маңғышлақ локомотив депосы ТЧ-12 болып жаңа таңбамен Батыс Қазақстан темір жолының құрамына енеді. Ал Қазақстан темір жолы құрылған соң құрамына Бейнеу айналым депосы, Жаңаөзен айналым депосы қосылып, аймақтағы қуатты тартым күшіне ие үлкен құрылымға айналды, – дейді депо бастығы.

Бүгінде Маңғыстау локомотив пайдалану депосы Маңғыстау –

Сай-Өтеc – Бейнеу, Маңғыстау – Жаңаөзен – Болашақ, Бейнеу – Құлсары, Бейнеу – Тассай, Бейнеу – Қарақалпақия станциялары аралығында жолаушы және жүк пойыздарының тасымалын ұйымдастырып отыр. Маневрлік тепловоздарды Маңғыстау, Жаңаөзен, Шетпе, Бейнеу станциялары басында қажетті жұмыстарды атқарады.

Депо паркінде 57 тепловоз бар. ТҚК-2 цехында жөндеу бригадасы төрт ауысыммен еңбек етеді. Сапардан келген тепловоздарға керекті техникалық қызмет көрсетіп, келесі сапарға дайындау – осы цехтың жұмысы.

Құм кептіру цехы тепловоздарды құммен қамтамасыз етеді. Депода машинистер мен көмекшілер және жөндеушілерге арналған тұрмыстық блок жұмыс істейді. Психолог кабинеті және күнделікті жұмыс алдында медициналық тексерістен өтетін дәрігерлік кабинет те төрт ауысыммен

қызмет көрсетеді. Маңғыстау, Жаңаөзен, Сай-Өтеc, Бейнеу, Болашақ станцияларында локомотив бригадаларының демалыс үйлері бар.

– Қай мекемеде болса да жұмыстың алға басуына ықпал ететін қабілетті кадрлар мен мақтаулы мамандар болады. Бұл жағынан біз де мақтана аламыз. Ұжымда бүкіл Қазақстанға танымал десек, артық айтпаспыз. «Құрметті теміржолшы» Берік Құлбарқоқов еңбек етеді, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Шорабай Абдушев, екінші класты машинист, Ауған соғысы ардагері Асылбек Наурызбаев, Қуанышбай Төлегенов, үшінші класты машинист Бауыржан Азанов секілді мықты машинистеріміз аз емес. Тоғыз адам «Адал еңбегі үшін» белгісімен, 22 қызметкеріміз «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісімен марапатталған. 12 «Үздік маман», 8 «Кәсібі бойынша үздік» қызметкеріміз бар. Мұның бәрі жайдан жай берілген атақ емес, әр марапаттың артында ерен еңбек жатыр, – дейді өзі басқарып отырған ұжымның жетістіктеріне тоқталған Марат Құдабаев.

Ал машинистер құрамының біліктілігіне келсек, 250 машинист пен 221 көмекші машинисттің 51-і жолаушы пойыздарында, 135-і жүк пойыздарында, 48 машинист маневрлік қозғалысында еңбек етеді.

Суретті түсірген автор

## СИТУАЦИЯ ОСТАЕТСЯ НАПРЯЖЕННОЙ



ПАВОДОК

**В Акмолинском отделении магистральной сети завершилась подготовка к пропуску весенних паводковых вод. Полным ходом идет подготовка к паводкам. На потенциально опасных участках железной дороги начали очищать от мусора и снега водопропускные трубы.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана

Всего в границах Акмолинского отделения магистральной сети имеется 788 искусственных сооружений для пропуска водотоков, в том числе 417 мостов, 363 трубы, 8 лотков. В настоящий момент очистка сооружений от снега и льда завершена на 100%. Промер русел водотоков производится на семи участках, согласно приказу № 957-ЦЗ от 1 декабря 2022 года. Также в отделении установлена связь с областными департаментами ЧС, предоставлены номера ЕДДС в Акмолинской, Северо-Казахстанской областях и Астане.

В рамках заключенного договора с ТОО «БВР Техносервис» на 580-м километре перегона



Атбасар – Адыр будут произведены взрывные работы по дроблению льда на реке Жабай. Кроме того, железнодорожники установили на мосту две видеокамеры, которые передают информацию в онлайн-режиме. Произведено обследование восьми плотин, находящихся выше железнодорожного полотна.

Для немедленного реагиро-

вания на нештатные ситуации, спровоцированные весенним половодьем, в регионе сформированы четыре противоразмывных поезда из 24 вагонов. Специальные составы экипированы щебнем, бутовым камнем и другими материалами, дислоцируются на станциях Жана-Есиль, Кокшетау, Нур-Султан, Атбасар. В случае необходимости противоразмыв-

ные поезда будут оперативно передислоцированы в те места, где имеется наибольший риск подтопления железнодорожного полотна.

При подготовке всегда учитывается опыт прошлых лет. Опасные в плане размыва места пути при необходимости были усилены. Со всеми причастными работниками провели технические занятия по изучению инструкций по подготовке сооружений путевого хозяйства и объектов водоснабжения к ледоходу и пропуску весенних и ливневых вод.

К слову, с ноября в регионе ведется подготовка к мероприятиям по предупреждению паводков. По словам специалистов, паводок уже наступит в апреле. В предстоящей декаде будут усилены подготовительные мероприятия.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## Безопасность

### В ДЕЛОВОМ КЛЮЧЕ

**Обеспечение безопасности движения поездов, сохранность перевозимых грузов, работа МГСП, а также нормативно-правовые документы и вопросы таможенной деятельности на транспорте стали главной темой двухдневного семинара, прошедшего в Алматинском отделении грузовых перевозок.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

С приветственным словом от руководства отделения выступил заместитель директора Алматинского отделения грузовых перевозок Айбек Куанышбек. Он выразил надежду, что семинар станет благоприятной площадкой по повышению уровня профилактических работ в части обеспечения безопасности движения, решения многих вопросов.

В ходе мероприятия речь шла о системе взаимодействия участников перевозочного процесса, направленного на достижение лучших показателей качества и эффективности железнодорожных перевозок грузов. Как было сказано во время встречи, в границах Алматинского отделения ГП расположены два международных перехода Достык – Алашанькоу и Алтынколь – Хоргос, где формируется основной грузопоток, через стык Саяк, Отар, Актогай проходит контейнерные поезда. На отделении имеется более 500 подъездных путей социальной и государственной важности, и огромная ответственность возложена на работников Алматинского отделения грузовых перевозок при выполнении своих должностных обязанностей. На семинаре также поднялся вопрос о правилах перевозки опасных грузов. В настоящее время в перевозке наливных грузов участвуют частные перевозчики, такие как ТОО

«ТТТСервис», ТОО «ДАРрейл». За 2022 год по филиалу НОДГП-7 зафиксирован один случай по течи опасных грузов против восьми в 2021 году. За два месяца текущего года такой же случай зафиксирован на станции Актогай. Кроме того, поднимались вопросы об оформлении документов при возникновении течи опасных грузов из цистерн, взаимодействии структурных подразделений и иных лиц, порядке ликвидации экологических последствий загрязнения окружающей среды.

В свою очередь начальник отдела грузовой и коммерческой работы отделения грузовых перевозок Сандугаш Садыкова коснулась вопросов таможенной деятельности. В частности, она рассказала о порядке действий работников станций при срыве или утрате пломбы при перевозке товаров в вагонах/контейнерах, находящихся под таможенным контролем, о порядке работы станций по контролю и продлению сроков временного ввоза (СВВ) на транспортные средства международной перевозки (ТСМП), действия перевозчика при завершении процедуры таможенного транзита, таможенного осмотра грузов, а также при бросании грузовых составов, находящихся под таможенным контролем.

Кроме того, в ходе семинара была проведена викторина, участие в которой приняли девять команд из числа работников станций Алматинского отделения, двух

международных стыковых пунктов Достык и Алтынколь, внеклассных станций Алматы-1 и Алматы-2. В ходе игры участникам раздавались билеты с вопросами. Причем каждой команде отводилось минимальное время для ответа. Задания касались тем по устранению течи груза, правильности погрузки на открытый подвижной состав, по применению таможенных правил.

По итогам семинара также была проведена церемония награждения лучших работников. За профессионализм и большой вклад в развитие железнодорожного транспорта отмечена старший приемщик поездов поста коммерческой безопасности станции Алматы-1 Кунсулу Оразбаева, инженер-технолог первой категории актового стола станции Алматы-1 Мейрамкуль Шакиенова. В номинации «Лучший специалист» удостоены приемщик поездов станции Алтынколь Жайсан Касенов, начальник грузового района станции Жетғысу Абай Амиркулов, старший приемщик груза и багажа станции Алматы-1 Жаркынбек Мухтарбаев. Самым эрудированным специалистом признали приемосдатчика груза и багажа станции Жетғыген Альфию Толеш, в номинации «За находчивость» была награждена приемосдатчик груза и багажа станции Капчгай Галия Картайганова, а активным специалистом стала приемосдатчик со станции Отар Айнуур Исабекова.

Фото автора

## ОБСУДИЛИ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

**Совместное узловое совещание провели в здании Семейского отделения грузовых перевозок представители АО «Dosjan temir joly» Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22), Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24), ТОО «СпецСервис-Құрылыс». Речь шла о безопасности движения на участке Шар – Новоустькаменогорск, вопросах взаимодействия между этими предприятиями, в том числе во время паводков.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Исполняющий обязанности заместителя начальника Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Кайрат Батыргожин сообщил, что сейчас в регионе ожидается потепление, соответственно, в случае обнаружения на пути или рядом с ним скопления воды локомотивным бригадам необходимо тут же докладывать об этом диспетчеру. Это необходимо для принятия срочных мер по недопущению подтопления на железной дороге.

Шар – Новоустькаменогорск является важнейшим железнодорожным участком как для экономики Восточно-Казахстанской области и области Абай, так и для всей страны. Благодаря ему в несколько раз сократили время и расстояние между

станциями Оскемен-1 и Шар, и нет необходимости выезда на территорию соседнего государства для того, чтобы попасть из одного пункта в другой.

– АО «Dosjan temir joly» регулирует движение на участке, ТОО «СпецСервис-Құрылыс» – это текущее содержание, обслуживание, ВЧД-24 отправляет нам вагоны, локомотивные бригады ТЧЭ-22 ведут по участку Шар – Новоустькаменогорск пассажирские и грузовые поезда, – объяснил начальник управления организации перевозочного процесса АО «ДТГ» Аян Сериков.


– Локомотивные бригады Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо являются «глазами и ушами» АО «КТЖ» на участке Шар – Новоустькаменогорск. Мы их постоянно просим, чтобы при выезде на участок они на все обращали внимание. В

случае обнаружения каких-либо проблем локомотивные бригады сразу же сигнализируют об этом диспетчерам, – отметил главный ревизор по безопасности движения АО «Dosjan temir joly» Ануар Рахимов.

За два месяца текущего года на участке дороги Шар – Новоустькаменогорск произошел один случай экстренного торможения локомотива, один – служебного торможения. Наездов на скот не допущено, хотя участок в этом отношении проблемный – там находится много крестьянских хозяйств, которые занимаются животноводством. Поэтому железнодорожники совместно с линейным отделом полиции проводят на участке долговую, кропотливую работу с населением, местными исполнительными органами по предупреждению выхода скота на путь, занимаются содержанием скотоизгородей.

## ГЛАВНОЕ ПРЕПЯТСТВИЕ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ПРОФИЛАКТИКА

**Более 37 километров новой скотоизгороди появится в Костанайском регионе к концу нынешнего летнего сезона.**



Как сообщила ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Сандугаш Ахметова, если быть более точным, в нынешний летний сезон планируется возвести 37,7 километра скотоизгороди. Вдобавок к этому еще 35,5 километра проволочной скотоизгороди, получившей повреждения в ходе эксплуатации, будет отремонтировано.

Как известно, бродячий скот, пасущийся вдоль путей, становится одним из основных препятствий на пути движущихся поездов. И это серьезная проблема, влияющая на безопасность движения. Потому именно установка и обновление скотоизгороди вдоль железнодорожных путей являются одними из основных средств профилактики выхода скота навстречу поезду.

За нынешний летний сезон в Костанайском регионе планируется на участках пути станции Кушмурун силами ПЧ-21 построить 5,7 километра и еще пять отремонтировать. На участках станции Аркалык (ПЧ-22) – 16 километров, отремонтируют – 10. На станции Тобол (ПЧ-34) – шесть километров, отремонтируют 5,5. И, наконец, на станции Костанай силами ПЧ-35 будет построено 10 километров и отремонтировано 15.

– Мы очень рады таким объемам, ведь недопущение бродячего скота на пути – повышение уровня безопасности и бесперебойности движения поездов. Несмотря на постоянные профилактические беседы и прочие меры с владельцами скота, многие несознательные граждане не следят за своим скотом. И здесь на пути бродячих животных встает скотоизгородь, – говорит Сандугаш Ахметова.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## Извещение

### о проведении торгов

**АО «Кедентранссервис» реализует металлолом, образованный в результате ремонта вагонов (изнашивающиеся детали и узлы, замененные при текущих и плановых видах ремонтов).**

По всем заинтересованным вопросам необходимо обратиться в АО «Информационно-учетный центр»:

010000, г. Астана, пр. Республики, д. 29.

Тел. 8(7172)55-29-81, iac@gosreestr.kz.

Электронный адрес: <http://www.gosreestr.kz>.

Дата и время проведения торгов, сведения о металлоломе, стартовая цена металлолома, размер гарантийного взноса и порядок его внесения, сроки приема заявок, условия определения победителя торгов, дополнительная информация будут указаны на веб-портале реестра государственного имущества: <http://www.gosreestr.kz>.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық кеңесі Батыс кәсіподағы филиалының бұрынғы төрағасы, теміржол көлігінің ардагері Кенжехан Өсімбековке зайыбы  
**Майкен Мұхамедиярқызының**  
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Батыс» филиалының ұжымы және Ақтөбе жел бөлімшесі ардагерлері Құрметті теміржолшы Кенжехан Өсімбекұлы Өсімбековке жубайы  
**Майкен Мұхамедиярқызының**  
қайтыс болуына байланысты отбасы мен тума-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, қайғырып көңіл айтады.

Центральный совет ветеранов железнодорожников и Совет ветеранов центрального аппарата Акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»» глубоко скорбят и выражают искренние соболезнования председателю Регионального совета ветеранов филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Илецкий железнодорожный участок» Картикановой Мукараме Исмагуловне в связи с невосполнимой утратой – трагической гибелью сына  
**Кайрата.**

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі мен Қызылорда қосалқы бөлімі, «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалы, аймақтағы салалық мекемелердің кәсіподақ ұйымдары мен теміржолшылары Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Басықараев Ибрақим Асқарұлына  
**ағасы Жетпісбайдың**  
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№23-24 (2840-2841) 28/03/2023

## АБАЙ ЕЛІНДЕГІ ӨЗ НАУРЫЗ

Семейлік теміржолшылар биылғы Наурыз мерекесін жылдағыдан өзгеше атап өтті. Себебі араға 25 жыл салып, облыс орталығы мәртебесін қайта алған қала үшін бұл мерекенің мән-маңызы ерекше еді.



**Абай ЕРТИС,**  
Семей

Мерекелік шаралардың басты ұйымдастырушысы салалық кәсіподақ ұйымы Наурыз тойының сән-салтанатпен өтуіне күш салды. Бұл күні шаһардың теміржол бекеті алаңына желі бойындағы мекемелердің күшімен он шақты киіз үй тігіліп, жұртшылықты аста-төк дастарханмен қарсы алды.

Мерекелік іс-шараның ашылу салтанатында бөлімше басшысы Владимир Бабиченко, ардагерлер кеңесінің төрағасы, қадірменді ақсақал Қырықбай Әлсейітов пен салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досанов сөз алып, көпшілікті Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады. Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев «Теміржолшылар ауылына» келіп, мерекелік дастарханнан дәм татты. Ізгі тілегін білдіріп, теміржолшыларға еңбекте табыс тіледі.

спорт түрлері ойнатылып, салт-дәстүрлер дәріптелді. Әсіресе арқан тартыс мейлінше тартысты өтті. Оған желі бойындағы барлық теміржол мекемелерінің құрыш білекті жігіттері қатысқан болатын. Ал кадр бөлімі мен кәсіподақ ұйымдары жетекшілерінен тұратын арнайы комиссия 9 киіз үйді аралап, төрт номинация бойынша үздіктерді таңдады.

Барлық жеңімпаздар мерекенің қорытынды сәтінде марапатталып, ақшалай сыйлыққа ие болды. Атап айтсақ, ұлттық киімдер мен қолөнер түрлерін дәріптеу, ұлттық тағамдар әзірлеуде Семей және Жаңа-Семей станциясы, Семей жол дистанциясы және арқан тартыста айқын басымдықпен жеңіске жеткен Семей белгі беру және байланыс дистанциясы ұжымдарының шоқтығы биік болды.

Мереке қалалық мәдениет сарайының өнерпаздары қойған концертке ұласты.

Басты ерекшелік – ұлттық

## ЭТНО-АУЫЛ: ЖЕТІ ҮЙ – ЖЕТІ ҚАЗЫНА

Биыл теміржолшылар Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін Ұлы даланың ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрін насихаттаумен ұштастырды. Астананың «Нұрлы жол» теміржол вокзалы алаңында қаз-қатар жеті киіз үй тігілді.

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Жеті киіз үй көшпенділер ғұмырын кешкен қазақтың жеті қазынасына арналған. Халық жеті қазына адам өмірінің жеті құрамдас бөлігі: ақылды жар, жүйрік ат, аңшы бүркіт, адал ит, мылтық, қақпан, қазан деп білген. Міне, осы ұғым-пайымды жаңғыртып, өскелең ұрпаққа насихаттау бағытында бой көтерген этно-ауылда ақшаңқан үй иелері қонақтарға қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін дәріптеді.

Мәселен, киіз үйлердің бірінде көшпенділер өміріндегі қысқы аңшылықтың ерекшеліктері көрсетілді. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлең жолдарындағыдай, аңшының сенімді серігі жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, көшпенді ел тұрмысының ажырамас бөлігі ретінде танытырылды.

Келесі киіз үйде берен мылтық, алмас қылыш, өткір қанжар, айбалта сияқты қару-жарақ түрлерін жасау өнерінің Ұлы далада қалай дамығаны, жауынгер халықтың бес қаруы танытырылып, ертеде өте қымбат бааланған алмас қылыштар тіпті бір үйір жылқыға бағаланғаны айтылды.

Этноауылда Жеті қазынаны дәріптеумен қатар әр шаңырақтың киелі ырымдары – сәбиді бесікке салу және тұсаукесер дәстүрлері де көрсетілді. Бұл кезде қонақтардың бір бөлігі сыртта «Асық ату», «Кір тасын көтеру», «Арқан тарту», «Білекпен күш сы-



насу» сияқты ұлттық спорттық жарыстарды тамашаласа, енді бірі теміржолшылардың өз қолымен жасаған әшекей бұйымдарын, тақия-бөрік, гипстен жасалған қолөнер бұйымдарын тамашалап, ұнаған заттарын сатып алып жатты.

Спорттық жарыс түрлеріне барлығы 145 теміржолшы қатысты. Асық атудан Нұрлы жол вокзалының қызметкерлері Қайыржан Ахауов, Бейісбек Аушақманов, Бекежан Бөкеновтар шеберлік танытып, өзара үш орынды бөлісті. Ал арқан тартудан білек күші басым шыққан вагоншылар бірінші орынды қанжығаларына байласа, екінші орын ШЧ-16 еншісіне, ал үшінші орын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС командасына бұйырды. Ең қызықты сайыстың бірі білекпен күш сынасу болды. Онда әйелдер де бақ сынасты. Ерлер арасында Руслан Ескенеев білек күшінің

басымдығын дәлелдеп бірінші орын, Асхат Рахметжанов екінші орын, ал Астана жол дистанциясынан Әділбек Төлеуов үшінші орын алды. Әйелдер арасындағы жарыста ЦЖС қызметкері Алла Штрошерер бірінші орынды жеңіп алса, екінші және үшінші орындарды ЛЖС мекемесінен Дорижан Каримова мен КТЖ Express компаниясының қызметкері Айжамал Қуаныш өзара бөлісті. Армрестлинг және кір тасын көтеру бойынша Ерлан Ахметов, Таңат Тасбаев, Талғат Рахымбеков, Ерболат Нұрғоңы, Әлібек Төлеуов, Жансұлтан Болтабеков сынды теміржолшылардың бағы жанды.

Өз Наурызды тойлауға келген дүйім жұрт теміржолшылардың өз күшімен дайындаған концертті тамашалады, алтыбақан теуіп, наурыз көже, бауырсақ, палаудан дәм татты.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

«Көрген де, көрмеген де арманда» дейтін наурыз-думан Ақтөбеде де өтті. Ұлыстың ұлы күнін ұлықтаған шаралар өңірдегі барлық теміржол мекемелерінде жалғасты.



## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІНДЕ...

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Қаладағы зәулім теміржолшылар ғимаратында ертемен шырық алған «Наурыз-думан» әні көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлап, жан-жақтан ағылған теміржолшылар құшақтасып көрісіп жатты. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Басты аймақтық филиалының директоры Бөріхан Сматуллаулы әріптестерін құттықтап, ізгі тілегін жолдады.

Әр бөлімше жеті түрлі дәмнен дайындалған наурыз көжелерін ұсынып, қонақтар ұлттық тағамдардан дәм татып, үлкендерден бата алды. Ал теміржол вокзалының маңына ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, алтыбақан құрылды. Әр мекеменің ауласында жалғасқан мерекелік «Сүйінші», «Шашу», «Қымыз мұрындық», «Бесікке салу», «Беташар», «Тұсаукесер», «Құда күту» сынды ұлттық салт-дәстүрлерден театрландырылған

қойылымдар көрсетіліп жатты...

Сонымен қатар, теміржолшылар тіккен киіз үйлер арасында сайыс өтіп, «Сәнді отау» номинациясы бойынша «Абылай хан ауылы» атауымен отау тіккен ШЧ-4 мекемесі үздік деп танылды.

Ақтөбе темір жол вокзалында бұл күні жолаушыларға наурыз көже мен бауырсақ таратылды. Өз Наурыздың шын мәніндегі халықтық мерекеге айналғаны көрінді. Мерекелік ойындар да ойнатылды. Асық ату, арқан тарту, тоғызқұмалақ, кір тасын көтеру секілді спорт ойындары көпшіліктің көңілінен шықты.

Сонымен қатар қиулатып ұлттық ойындар да ойнатылды. Асық ату, арқан тарту, тоғызқұмалақ, кір тасын көтеру секілді спорт ойындары көпшіліктің көңілінен шықты.

Суреттерді түсірген автор

## БЕРЕКЕЛІ ДЕ БАУЫРМАЛ МЕРЕКЕ

Биыл түбек теміржолында Наурыз нақыштағы ерекше көрініс тапты. Мереке әр ұжымда түрлі деңгейде атап өтілді. Теміржолшылар бірі-біріне қонаққа барып, тарту сыйлап, ұмытылып бара жатқан ұлттық дәстүрлерді жаңғыртты.



**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Көрісу күнінен басталған Наурыз тойы Маңғыстауда бір апта тойланды. Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің, электрмен жабдықтау және жол дистанцияларының ауласына ағаш үйлер тігілді. Наурыз көже құйылып, қазы-қарта мен құрт-ірімшік сияқты дәруменді астағандар толы берекелі дастархан басына жиналған теміржолшылар астан ауыз тиіп, ардагерлер ақ тілегін арнады. Теміржолшы жігіттер арқан тартып, қол күрестіріп, кір тасын көтеріп күш сынасса, епті жігіттер ләңгі тепті.

Бесікке салу дәстүрі жасалып, бөлімшенің директоры Мұхтар Бақтыгереев теміржолшы отбасының сәбиінің тұсауын кесті.

Маңғыстау қосалқы бөлімі мен магистральдық желі бөлімшесінде басталған мереке тоғыз жолдың торабындағы Бейнеу және Түркістанмен шекарадағы Болашақ станцияларында жалғасты.

Бейнеудегі Наурыз тойында станция қызметкерлері мен ардагерлер бас қосып, станцияда еңбек еткен зейнеткерлерге арнайы мерекелік дастархан жайылды. Станция бастығы Есет Хайруллиннің басшылығымен болған думанды жиын қос буын теміржолшылардың көңілді кездесуіне айналды.

Болашақ станциясының ұжымы көрісе келгендерді дәстүрге сай күтіп, сый-құрмет көрсетті. Қыз-келіншектер дәмді тамақ дайындаудан, кесте тігіп, көлөнер көрсетуден жарысты. Ер азаматтар күш сынасып, домбырамен ән, күй шертіп, тойдың көрігін қыздырды. Сый-сияпатсыз қалған ешкім болған жоқ.

Берекелі де бауырмал мереке түбек темір жолында осылай аталып өтті.

Суреттерді түсірген автор

## ДӘСТҮРЛЕР ДӘРІПТЕЛДІ

Шуақты көктеммен бірге наурыз мерекесін қарсы алған шымкенттік теміржолшылар ұлыс оң болсын, ақ мол болсын деп бір-бірін Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.



**Сабира БАЙЗАХОВА,**  
Шымкент

Жүк тасымалы мен магистральдық желі бөлімшесінде басталған мерекелік іс-шара теміржол мекемелерінде жалғасты. Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясында өткен думан ерекше назар аударарлықтай қызықты, танымдық тұрғыда өтті. Онда «Беташар», «Тұсаукесер», «Сырға салу» сияқты қазақтың салт-дәстүрлерінен көрініс көрсетіліп, жұмысшылар арасында қазак тарихына байланысты викториналық сұрақ-жауап ойыны ұйымдастырылды. Ал жігіттердің

арасында арқан тартыс, қол күрес, кір тасын көтеру сияқты ұлттық спорт түрлерінен жарыс өтіп, жеңімпаздар арнайы жүлделермен марапатталды.

Ұлттық киімдер жәрмеңкесі өтіп, өзінің ұлттық бас киімімен ерекшеленген Гүлмира Темірханқызы ерекше ілттипатқа ие болды.

Өз Наурыздың жоғары деңгейде өтуіне мұрындық болған дистанцияның кәсіподақ төрағасы Бауыржан Әбенов мен кадрлар бөлімінің менеджері Алмагүл Ермановаға ұжым басшылығы атынан алғыс айтылды.

Суретті түсірген автор

## БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА...

«Самарқанның көк тасы еріген» Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін қызылордалық теміржолшылар қос бөлімшені біріктіріп, бірге атап өтті. Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесі мен магистральдық желі бөлімшелерінің басшылығы мен кәсіподақ ұйымдарының ұйымдастыруымен ғимарат ауласына он алты қанат киіз үй тігіліп, айта жүретін думан болды.

**Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,**  
Қызылорда

Қызылорда қосалқы бөлімінің бастығы Бағырхан Базарбаев пен Магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Ибрагим Басықараев, «Қаз-көліккәсіп» ҚБ филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов көпшілікті Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, ақжарма тілектерін арнады. Арда-

герлер кеңесінің төрағасы Сисенбі Шермаханов көпшілікке ақ бастасын беріп, жиналған әлеумет наурыз дастарханынан дәм ауыз тиді.

Тойдың сөні – ойын. Ұлттық ойын түрлерінен сайыс ұйымдастырылып, жығылған палуанға да жүлде берілген күн боолды. Кір тасын 73 мәрте көтерген Еркебұлан Сүлейменов, 92 рет басынан асырған Нұрлан Есеналиев, 93 рет еркіне бағындырған



Әмір Құлмырзаевтар өзара жүлдені бөлісті. Арқан тарту мен кір тасын көтеруден жарысқа түскен теміржолшылар кәсіподақ ұйымдары тарапынан әзірленген сыйлыққа ие болды. Келесі кезек қол күрестірумен

жалғасты. М.Жақанов, Н.Есеналиев пен Е.Сүлейменов сынды құрыш білекті жігіттер жеңіске жетіп, кәсіподақ атынан әзірленген бағалы сыйлыққа ие болды.

Суретті түсірген автор

## В АТМОСФЕРЕ ДРУЖБЫ И ТЕПЛА

**С песнями, танцами встретили праздник Наурыз мейрамы работники Алматинского отделения грузовых перевозок и отделения магистральной сети. В этот день погода была по-весеннему солнечной.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Во дворе отделения всех гостей встречали девушки в национальных костюмах с разноцветными шарами под нежные звуки известных коув.

В первых рядах – почетные гости, ветераны, всю жизнь посвятившие железнодорожному транспорту.

Директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов тепло поздравил всех с праздником, подчеркнул, что Наурыз является символом единства, мира, согласия и добра.

– Пусть этот восточный Новый год принесет много добра, изобилие и достаток в каждый дом, с приходом весны всегда надеешься на лучшее – это обновление, зарождение новой жизни, любви и красоты, – сказал Нурым Жаниязов.

Как отметил заслуженный ветеран отрасли Калтай Самбетов, Наурыз несет истинные ценности, учит уважать свою культуру и родную землю,

стремится к сохранению мира и взаимопонимания между различными этносами, проживающими в нашей стране.

Праздник сопровождался национальными играми:



аркан тарту, соревнованиями по дартсу, шахматам, армрестлингу. За праздничным дастарханом угощали наурыз коже, традиционным пловом и сочными баурсаками. А улюбленные седниой старцы произносили слова напутствия

молодым гордо и с честью нести звание железнодорожника.

С особым размахом встретили весну на станции Достык, надо сказать, что железнодорожники с каждым годом отмечают Наурыз импровизированно и ярко, прида-

достыковцы, практически возвратили и показали реальную жизнь кочевников.

– Щедрое празднование Наурыз мейрамы принесет в дом изобилие и успех на целый год. Издавна отмечали его в казахской степи весьма торжественно и красочно. Пусть каждый день пробуждающей весны, каждый солнечный луч принесет в ваши дома счастье и благополучие, – отметил начальник станции Достык Максат Мамбеткулов.

Праздник ознаменовался массовыми играми – аркан тартыс, соревнованиями по казак күресі и подтягиванию гирь. Повсюду звучали мелодии, посвященные пробуждению весны, «Құлыншақ», «Аққу». Гостеприимно, праздничным дастарханом встречали всех, угощали наурыз коже, вкусными лепешками, баурсаками, кумысом и шубатом. Работники станции в национальных костюмах представили вниманию публики казахские песни, композиции и танцы.

Во всех предприятиях, структурных подразделениях региона прошли праздничные мероприятия, посвященные празднованию замечательного светлого праздника Наурыз мейрамы.

Фото автора



## МЫ ЗДЕСЬ СОБРАЛИСЬ, ЧТОБ ВСТРЕТИТЬ НАУРЫЗ!

**Весна в Уральск пришла внезапно и к празднику Наурыз погода стояла прекрасная, снег сошел, а воздух днем прогрелся до +14. Поэтому провести праздничные гуляния на привокзальной площади, куда люди шли семьями, уральским железнодорожникам удалось на славу.**

**Анна ПАНИЦЕВА,**  
Уральск

Организаторами выступили профсоюзный комитет Уральского узла с цеховыми комитетами и руководителями железнодорожных предприятий Уральского региона. Напротив памятника легендарному комдиву Василию Чапаеву, погибшему в наших местах, были установлены юрта, качели, печи, где готовили душистый плов, дымилась самовары с ароматным чаем и ломились столы с угощениями – пышными баурсаками и «супом счастья» – наурыз коже. Были организованы тематическая фотозона, а на фоне здания Уральского вокзала прошел праздничный концерт с участием солистов городских творческих центров.

С утра для разогрева народ вовсю угощался, фотографировался в устроенной организаторами фотозоне и наслаждался музыкой и песнями, детишки охотно катались на качелях. Работники Уральского вокзала радушно встречали прибывающие пассажирские поезда баурсаками и традиционным наурыз кожей.

Уральцев и гостей города от имени всех железнодорожников региона приветствовало руководство филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» и Актюбинского отделения магистральной сети по Уральскому региону, председатель совета ветеранов железнодорожников Акназар Каримаев дал благословение – бата беру, а его заместитель, ветеран труда Валентина Надточая прочла стихотворение собственного сочинения, посвященное древнему празднику.

